

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ - ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ



HOCA AHMET YESEVI
ULUSLARARASI
TURK - KAZAK UNIVERSITESI



Тақырыбы: Лимфа айналым бұзылысы, лимфедема,
лимфостаз

Қабылдаған: Досжанов С.С
Орындаған: Мейрбек М

Жоспар.

*Кіріспе

*Негізгі бөлім

1.Лимфа айналым бұзылыстары

2.Лимфа айналым жеткіліксіздігінің түрлері

3.Лимфедема, Лимфостаз


*Қорытынды




Лимфа айналымының бұзылуы оның жеткіліксіздігімен бейнеленіп, бірнеше формада көрініс бере алады.


Лимфа жүйесінің қызметі-қан мен ткань аралығындағы метаболизмнің тепе-теңдігін қамтамасыз ету және тканьдерден су мен жоғары молекулалы заттарды сіңіріп дрәнеждау. Оның дрәнеждік қызметі түрлі себептермен зақымдалу ықтимал.

Заповнен екен



Центрлер









**Лимфа айналым жеткіліксіздігі
бөлінеді:**

****Динамикалық***

****Механикалық***

**Механикалық жеткіліксіздік-* лимфа ағысына кедергі жасап, оны іркілтетін факторлардың әсерінен дамиды. Оларға лимфа тамырларының қысылуы мен бітелуі, лимфа түйідерінің, мысалы, рак клеткаларымен блокадасы, көкірек өзегі мен лимфа түйіндерін экстирпациялау, лимфа тамырлары қақпақшаларының жеткіліксіздігі жатады.

**Динамикалық жеткіліксіздік-* капиллярдағы фильтрацияның үдеуінен пайда болады. Бұның салдарынан лимфа тамырлары сусыңділік сұйықтығын (отечная жидкость) интерстицийден шығарып үлгере алмайды. Лимфа жүйесінің резорбциялық жеткіліксіздігі ткань белоктарының биохимиялық дисперсиялық қасиеттері өзгеріп немесе лимфа капиллярларының өткізгіштігі бәсеңдеп, тканьдегі сұйықтықтың іркілуінен өрістейді. Көбіне лимфа айналым жеткіліксіздігінің аралас түрі байқалады.

*** Лимфа жеткіліксіздігің өзіне тән морфологиялық көрінісі бар. Олардың қалыптасуы лимфа айналамы жеткіліксіздігінің белгілі бір түріне тәуелді емес. Лимфа айналым жеткіліксіздігіне: лимфа іркілуі мен лимфа тамырының кеңеюі; лимфа айналым коллатеральдығы мен лимфакапиллярларының, тамырының өзгере құрылуы; лимфедема дамуы; лимфа стазы мен белок коагулянттарының түзілуі; лимфарея жатады.**

*** Лимфаның іркілуі мен лимфа тамырларының кеңеюі лимфа ағысы бұзылуының бастапқы көріністері болып табылады. Олар лимфаны алып кететін тамырлардың көпшілігіне кедергі пайда болғанда дамиды. Лимфедема(гр.oidao-ісінемін) біраз жағдайда жедел дамыса да көбіне созылмалы ағымды болады. Оның жедел түрінің де созылмалы түрінің де жалпы және жергілікті түрлері бар.**

* Жедел ағымды жалпы лимфедема сирек, мысалы, бұғана асты веналарының екеуін де тромб бітегенде байқалады. Бұл жағдайда көктамырда қысым өсіп, көкірек өзегінде ретроградтық лимфа іркілуі дамиды.

* Созылмалы ағымды жалпы лимфедема- созылмалы ағымды веналық іркілуге, яғни қан айналымның созылмалы түрде бұзылуына тән. Ол жүрек-тамыр жүйесінің созылмалы ағымды декомпенсациялайтын сырқатта байқалады.



* Жедел ағымды жергілікті лимфедема- лимфаны алып кететін тамырлар бітелген немесе қысылғанда, жедел ағымды лимфедема еттен, лимфа тамыры мен түйіндерін алып тастағанда дамиды. Олардың біразы қайтымды.

* Созылмалы ағымды жергілікті лимфедеманың тума және жүре пайда болған түрі бар.

Оның тума түрі аяқтың лимфа тамырының
гипоплазиясынан немесе аплазиясынан;

Жүре пайда болған түрі лимфа тамыры қысылуынан
немесе босап қалуынан, созылмалы ағымы
қабынудан, лимфа тамыры склерозынан немесе
оларды алып тастағаннан, венанаң тромбозынан
дамиды. Лимфаның созылмалы ағымды іркілуі
гипоксияға ұшырататындықтан оның склерогендік
әсері бар.

* Сондықтан тканьнің көбінесе аяқтың терісі мен оның шел май қабатының көлемі ұлғайып, қатайып, түр-пішіні өзгереді. Шораяқ деп аталатын күй орын алады. Ол аяқ пен жыныс мүшелерінде көбірек кездеседі.





Лимфедемадан дамыған лимфастазы салдарынан лимфа тамырларына белок тромбтары түзіліп, лимфа капиллярлары мен тамыр өткізгіштігі артып, олар тіпті жыртылып лимфарея байқалуы мүмкін.

Лимфа жүйесі жеткіліксіздігінің зардаптары мен әсері ең алдымен лимфа жүйесінің ғана емес, вена жүйесінің де жеткіліксіз қызметінен дамиды. Тканьдік метаболизмнің бұзылуымен байланысты.

* Лимфостаз





Осы өзгерістерден өрістейтін тканьдік гипоксия, жедел ағымды лимфедема дистрофиялық өзгерістерге, ал лимфаның созылмалы ағымы іркілуінде – атрофия мен склерозға себеп болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- * Қазақ ұлттық энциклопедиясы 4 том
- * Патологиялық анатомия терминдерінің орысша – латынша – қазақша түсініктеме сөздігі. Ақтөбе.
- * Интернет сайттары